

Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 1998 жылғы 16 наурыздағы N 181 бұйрығына өзгерту енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі N 185 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 30 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1838. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2005.08.05. N 214 бұйрығымен. V053784

Қазақстан Республикасы "Әділет органдары туралы" Заңының 7 бабына 2002 жылғы 18 наурыздағы, Қазақстан Республикасының "Сот сараптамасы туралы" Заңының 15-бабына сәйкес, бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің 16 наурыздағы 1998 жылғы N 181 "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталығының сот сарапшыларына біліктілік атағын берудің Ережесін бекіту туралы" келесідей өзгерту енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталығының сарапшыларына біліктілік сот сараптамасы атағын беру тәртібі Ережесі жоғарда аталған бұйрықпен бекітілген.

Бірінші абзацтың 4 тармағында:

" , құрамы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бекітіледі" сөзі а л ы п т а с т а л с ы н ;

екінші абзац келесідей редакцияда жазылсын:

"Біліктілік комиссия құрамы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталығы директорының ұсынысымен бекітіледі".

Министр